

#34-35

(1009-1010)

22 қараша

2024 жыл

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

JAS QAZAQ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТИ



ISSN 2074-899X



9 772074 899002

@jasqazaqnews


vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

jasqazaq.kz

jasqazaqkz



КАСПИ.КЗ МОБИЛЬДІ СУПЕРҚОСЫМШАСЫНДА

«СЕРТИФИКАТТАР» СЕРВИСІ

- жарамдылық мерзімі шектелмеген
- 8 миллионға жуық алуан түрлі тауар

▼ BRENT \$73.49

▼ USD 498 T

▼ EUR 524 T

▼ RUB 5 T

ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЕҢБЕККЕРЛЕРІНІҢ БІРІНШІ ФОРУМЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІНДЕ КЕЛЕСІ ЖЫЛҒА ЖОСПАРЛАНҒАН ТАБЫСТЫ ЖАППАЙ ДЕКЛАРАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕСІН ҚОЗҒАДЫ.

Мемлекет басшысы: «Келесі жылы тағы 8 миллионға жуық адам декларация тапсырады деп жоспарланып отыр. Алайда бір мәселені ескеру қажет. Жаппай декларация тапсыру тұжырымдамасы осыдан 14 жыл бұрын қабылданған. Содан бері



8 МИЛЛИОНҒА ЖУЫҚ АДАМ ДЕКЛАРАЦИЯ ТАПСЫРМАЙДЫ

елімізде цифрландыру ісі және финтех саласы қарқынды дамып келе жатыр. Түрлі мемлекеттік мекемелерге ортақ мәліметтер базасы пайда болды. Қаржы және салық бақылауы күшейді. Демек осындай ауқымды өзгерістерден кейін төртінші, яғни соңғы кезеңде азаматтарды декларация тапсыруға міндеттеу қаншалықты орынды деген сұрақ туады. Үкімет бұл мәселені жан-жақты пысықтауы қажет», – деп атап өтті.

Соған орай осы аптадағы Үкімет отырысында жеке тұлғалардың кірістері мен мүлкін жалпыға бірдей декларациялау мәселесі қаралды.

Қаржы министрі Мәди Тәкиев бүгінде алғашқы үш кезеңде жалпыға бірдей декларациялау жүйесіне 4,8 млн адам, оның ішінде мемлекеттік қызметшілер, коммерциялық ұйымдар, квазимемлекеттік сектор басшылары мен құрылтайшылары және олардың жұбайлары енгенін баяндады.

Мәди Тәкиев қалған санаттағы азаматтардың (жеке құрылым қызметкерлері, зейнеткерлер, үй шаруасындағы әйелдер, студенттер және басқа да тұлғалар) 8 миллионға жуық адамның декларация тапсыру

міндеттеріне қатысты деректер базасын цифрландыруды және қолма-қол ақшасыз төлемдерді дамытуды ескере отырып, аталған санаттағы азаматтарды активтері мен міндеттемелері туралы декларациялар тапсырудан босатуды ұсынды.

Босату осы санаттағы жеке тұлғалардың 90 пайыздан астамына әсер етеді. Декларациялауды келесі санаттағы тұлғалар үшін сақтау ұсынылады: елден тысқары жерлерде активтері бар; бір жыл ішінде құны 20 мың АЕК (74 млн теңге) астам сомаға сатып алу жасаған; дербес салық салынатын табыс алған.

Сондай-ақ азаматтарға ерікті түрде декларациялау құқығы беріледі.

Премьер-министр Олжас Бектенов аталған ұсынысты қолдап, қаржы, ұлттық экономика және әділет министрліктеріне үш күн ішінде заңнамаға қажетті түзетулер дайындауды және оларды Парламенттің қарауына енгізуді тапсырды.

Үкімет басшысы: «Қазір декларацияны 4 миллионнан астам адам тапсырады. Олардың арасында мемлекеттік қызметкерлер, квазимемлекеттік сектор мен

бизнес өкілдері бар. 2025 жылы барлық қалған санаттағы азаматтар декларация тапсырады деп жоспарланған болатын. Бұған халық алаңдаушылық білдірді, сондықтан аталған мәселеге Мемлекет басшысы өзінің назарын аударды. Бүгінгі таңда мемлекеттік органдардың деректер базасы барынша цифрландырылған. Қаржылық және валюталық бақылау күшейтілді. Халықаралық келісімдер шеңберінде шоттар бойынша деректер алмасу жолға қойылды. Цифрлық қызметтер кең таралған. Сондықтан жалпы алғанда, жеке тұлғалардың активтері бойынша барлық ақпарат бар.

Қаржы, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрліктері тіркеу және салықтық бақылау үшін барлық цифрлық базалардан, оның ішінде екінші деңгейлі банктерден мәліметтер алуды қамтамасыз еткені жөн. Сондықтан мен 2025 жылы азаматтардың қалған санаттарын активтер туралы декларацияларды міндетті түрде тапсырудан босату туралы қаржы министрінің ұсынысын қолдаймын», – деп атап өтті.

 1+3


Арман ШАҚҚАЛИЕВ,
сауда және интеграция
министрі:

«Жасыратын не бар, баға өзгереді. Бірақ ол көптеген факторларға байланысты, яғни жеткізу тізбегі, логистика, сақтау, сатып алу бағасы әсер етеді. Сондықтан мен 31 желтоқсанда қолыңыздағы iPhone немесе Samsung бағасы 17,5 пайызға қымбаттайды деп айта алмаймын»



Әлібек ҚУАНТЫРОВ, сыртқы істер министрінің орынбасары:

«Доллардың нығаюы – уақытша құбылыс. Бұрын да бір доллар 600 теңге болады деген болжам айтылған. Теңге – тұрақты валюта. Эмоцияға берілмей, Қазақстанның иігілігі үшін жұмыс істейік»



Райымбек БАТАЛОВ,
«Атамекен» ҰКП төралқа төрағасы:

«Экспорттаушыларға бұл жақсы. Ал бір нәрсе өндіретін, өңдейтін, импорт шикізат пен жиынтықтар алатындар үшін қиын. Мұның соңғы өнімге қалай әсер ететіндігіне келсек, тауарлардың бір бөлігінің бағасы өседі, тауарлардың тағы бір бөлігінде тұрақтайды»

 АПТАНЫҢ ЕСКЕРТУІ

Мәди ТӘКИЕВ,
қаржы министрі:

«Келесі жылдан бастап өз мүлкіңізді біреудің атына жаза алмайсыз. Жазсаңыз, ол кісіге «мынанша активті қайдан алдыңыз» деген сұрақ туындайды. Мысалы, ауылдағы қарапайым адамның атына 100 не 200 млн теңгенің мүлкі жазылса, оған осындай сұрақ қоямыз. Зейнеткер де мүлік сатып алса, атына қымбат актив тіркелсе, оны қай жақтан алғанын көрсетуге міндетті болады. Біз көріп отырамыз, «зейнетақысы мынандай, сонда қымбат мүлікке ақшаны қай жерден алды» деп тексереміз»


 АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

Елнұр БЕЙСЕНБАЕВ,
Мәжіліс депутаты:

«Әрбір қайырымдылық қорының басшысы халықтан келген әрбір теңге үшін жауапты екенін білуі керек. Бәрін тексеріп, ретке келтірген жөн. Өзім қайырымдылық қорларына көмектесіп тұрамын. Бірақ «Біз біргеміз» қорына ақша жібермедім. Су тасқыны кезінде біз партияның атынан көмектестік»



МҰНАЙ ТАСЫМАЛЫ (2024 ЖЫЛ, ҚАҢТАР-ҚАЗАН)



БАРЛЫҒЫ – 57,8 МЛН ТОННА



ОТАНДЫҚ
МҰНАЙ ӨҢДЕУ
ЗАУЫТТАРЫНА –
15,1 МЛН ТОННА



КАСПИЙ ҚҰБЫР
КОНСОРЦИУМЫ
(КТК) –
46,3 МЛН ТОННА



«АТЫРАУ-
САМАРА» –
**7,2 МЛН
ТОННА**



«АТАСУ-
АЛАШАҢҚАЙ» –
**1 МЛН ТОННАДАН
АСТАМ**

АҚТАУ ПОРТЫНАН – 3,1 МЛН ТОННАДАН АСТАМ

МАХАЧКАЛА ПОРТЫНА – 1,6 МЛН ТОННА



«БАКУ – ТБИЛИСИ – ЖЕЙХАН» – 1,2 МЛН ТОННА



МҰНАЙ ТРАНЗИТІ – 8,4 МЛН ТОННА




РЕСЕЙ – ҚЫТАЙ – 8,2 МЛН ТОННА

РЕСЕЙ – ӨЗБЕКСТАН – 217 ТОННА


МҰНАЙ ЭКСПОРТТАЛАТЫН ЕЛДЕР



ИТАЛИЯ




НИДЕР-
ЛАНДТАР




РУМЫНИЯ



ҚЫТАЙ




КОРЕЯ
РЕСПУБ-
ЛИКАСЫ




ФРАНЦИЯ




ГРЕЦИЯ




ТҮРКИЯ



ГЕРМАНИЯ



СИНГАПУР



Дерек көзі: Энергетика министрлігі

**ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДА ӨЗІНДІК ҚОЛТАҢБАСЫ БАР
ӘБУБӘКІР СМАЙЫЛОВТЫҢ ӨЛЕҢДЕРІН ОҚЫРМАН ІЗДЕП
ЖҮРІП ОҚИДЫ. СОНАУ СТУДЕНТТІК ШАҒЫНДА-АҚ
ӨЗІНДІК ҮНІМЕН ДАРАЛАНА БІЛГЕН АҚЫН 1992 ЖЫЛЫ
«ДАРЫН» МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСТАР СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ
ЛАУРЕАТЫ АТАНДЫ.**

ЖУСАННЫҢ КЕРМЕК ДӘМІ ЖӘНЕ ӨЛЕҢ

Талғамы биік Ақселеу Сейдімбектің өзі 1990 жылғы күнделігіне: «Жыр дариясы айдынынан Әбубәкір Смайылов кереген ақ желкен мойын бұрғызады. Тәңірім желін оңынан тұғыза көргей! Тамырын тереңнен тартқан тегеурін ден қойғызады. Енді мына азапты өмірдің азабына кіжінуші ғана болып қалмай, ақ пен қараны айыра отырып, сол өмірге үкім айта алатын зерде биігіне көтерілсе ғой...», – деп түртіп қойғаны бекер болмаса керек.

Ал Фариза Оңғарсынова апамыз 1992 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған ақын інісінің топтама өлеңдеріне жазған алғысөзінде: «...Әбубәкірдің студент кезіндегі өлеңдерін де оқығанмын. Есті жасты ұстазсыз, академиялық оқу-тоқусыз-ақ, заманның өзі-ақ есейтеді. Соңғы 3-4 жылда Әбубәкір парасатты ақын деңгейіне көтерілді. Ойы кемелденді.

Мен Әбубәкірдің қыжылы мен қышқыл мұңы көп өлеңдері оқырманды елдік намыс пен жусанның иісіндей ұлттық болмыспен қоректендіреді деп ойлаймын және оның ақындық болашағына үмітпен қараймын», – деп баға беріпті.

Аузы дуалы аға-апаларының оң бағасын алған ақын жиырма жылға жуық уақытын бұйрықпен шідерлеп тастайтын әскери салаға арнады. Саяқ жүрді. Көп ортада көзге түсе берген жоқ. «Жыр жазғаным болмаса тиіп-қашып, Ұлылармен жүрмедім иықтасып» деп оны өзі

мойындайды. Көзге түспесе де, қаламнан қол үзбепті. Әскерде жүріп, «Жүректегі ақынның жазбалары», «Соңғы солдат» атты екі өлең кітабы жарық көрді. Анау тәжік-ауған шекарасынан жазған цикл өлеңдерінің, тіпті, шоқтығы биік.

Бастысы, Ақаң ақтарылып тілеген «үкім айта алатын зерде биігіне



көтерілген» ақынның өз оқырманын Фариза апамыз айтқан «елдік намыс пен жусанның иісіндей ұлттық болмыспен қоректендіріп» келе жатқаны қуантады.

Жалпы Әбекең туралы сөз болғанда оның үш қырын бөліп айтқан абзал. Алғашқысы, сөзсіз әлдеқашан мойындалып қойған ақындығы! Екінші қыры



Фотос: anattili.kazgazeta.kz

аудармашылығы дер едік. Кейінгі жылдары Джейн Остин, Эрих Ремарк, Джек Лондон сияқты әлем классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударды. Биыл осы аударма саласындағы еңбегі үшін ақынға халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығы берілді. Қазір испан жазушысы Хавьер Мороның «Үміт сапары» романын тәржімалап жатыр.

Үшінші қыры – ұстаздығы. Қазіргі уақытта ақын Еуразия ұлттық университетінің әскери кафедрасында болашақ әскери журналистерге дәріс беріп жүр. Жас ұрпақ тәрбиесіне арналған қоғамдық жұмыстары да жетіп артылады. «Jas Qazaq» газетінің Астана қаласындағы меншікті тілшісі.

Бір қызығы, Әбекең әлеуметтік желіден оқшау жүреді. Ақын өлеңдерін Аейсбукте Арман Сқабылұлы мен Серік Аббас-Шахтың парақшасынан оқуға болады. Сосын ол өлеңдерді ФБ-достардың бір-бірінен көшіріп басып жататыны да көп нәрсені аңғартса керек.

...Айтып та айтпай жан сырын

жүректегі,

Бұл өмірден құдай-ау, кім өтпеді?

Шындық біреу – сәбидің шыр еткені,
Сосын...

шыбын жаныңның «пыр-р-р» еткені!

– деп ой толғайды оңашада...

Мұхарбек ЖӘКЕЙҰЛЫ,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі

- МАҒАН ЗЕНЧЕНКОНЫҢ СҮТІН БЕРІҢІЗШІ.
- ЗЕНЧЕНКОНЫҢ ҚАЙМАҒЫН АЛАЙЫН ДЕП ЕДІМ.
- ЗЕНЧЕНКОНЫҢ ІРІМШІГІ БАР МА?
- ЗЕНЧЕНКОНЫҢ КАРТОБЫ ҚАШАН БОЛАДЫ ЕКЕН?

Петропавлдың сауда нүктелерінде осындай өтініштерді жиі құлағымыз шалады. Өйткені «Зенченко и К» серіктестігінің өнімі үлкен сұранысқа ие. Солтүстік Қазақстан облысында 27 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан «Зенченко и К» командиттік серіктестігі бүгінде 885 адамды жұмыспен қамтып отыр. Бұған қоса

төкпелі шақта тұрғындардың сенімінен гөрі, күдігі басым-тын. Бірақ әкелі-балалы Зенченколар жерлестерінің сенімін ақтай білді. Олар тұралаған шаруашылықты

көрсеткішке жеткенше асық болды. Ол үшін Балтық бойынан өнімділігі жоғары қара мал сатып әкеліп, жаңа мал шаруашылығы кешенін ашты. Сол кезде жаңа таныла бастаған «Шырша» атты автоматтандырылған сауу аппаратын сатып алып, іске қосты. Мал азығына мән бере бастады. Жұмыс нәтижесі көп күттірген жоқ:

Т Ы Н Ы М С Ы З



кәсіпорын басшылығы ауылдың әлеуметтік саласын дамытуға да үлкен көңіл бөледі.

«Зенченко и К» серіктестігінің тарихы тереңде. Осыдан табаны күректей 48 жыл бұрын Геннадий Зенченко «Новоникольский» кеңшарының директоры болып тағайындалған еді. Кейін Кеңес Одағы ыдырап, кеңшарлардың шаңырағы ортасына түскен кезде ауылдастары өздерінің жер үлестерін Геннадий Зенченкоға сеніп тапсырған болатын. Аумалы-

аяғынан тік тұрғызып қана қоймай, Новоникольский кеңшарының негізінде құрылған «Зенченко и К» компаниясын елдегі ең үздіктердің қатарына қосты.

Ол үшін қанша тер төгілгені өздеріне ғана аян. Әкелі-балалы екеуі ізденуден еш шаршаған емес. 2003 жылы Геннадий Зенченко Мәскеудегі ауыл шаруашылығы жәрмеңкесінде Ресейдің кейбір шаруашылықтары жылына 7 мың килограмға дейін сүт өндіретінін көріп, осы

өнімділік арта түсті, кадр мәселесі де тез шешілді. Себебі, жұмыстың басым бөлігі автоматтандырылып, қолмен жұмыс істейтін малшылар мен сауыншыларға қажеттілік азая түсті.

Жеткен жетістігіне тоқмейілсімейтін Геннадий Иванович ұлына ақылшы әрі серіктестіктің бас директоры бола отыра, Канадада мал шаруашылығы саласы қарыштап дамығанын айтып, тауарлы-сүт кешенін құруға кіріседі. 2007 жылы пайдалануға

берілген сүт кешеніне толық автоматтандырылған, бір мың бас сүтті сиыр ұстауға арналған екі ферма және 50 сиырға арналған "Карусель-Глобал" қондырғысы енді. Кейін Германиядан 600 бас асылтұқымды ірі қара әкелінді.

1992 жылы әкесі Голландияның картоп өсіру және жинау

Электр жарығы кез-келген уақытта жалп етіп өшетін 90-шы жылдары кіші Геннадий Орал, Чувашия, Удмуртия, тіпті Йошкар-Ола асып, 28 әскери электр станциясын өз техникасына айырбастап алып келгенін көнекөз жерлестері әлі ұмыта қойған жоқ. Соның арқасында тұрғын үйлер

кезде әкелі-балалы екеуі ақылдаса келе, облыс орталығында қаңырап қалған зауытының бір цехын сатып алып, өз кәсіпорнын ашты. Көп ұзамай, сапалы сүт өнімі зауыт конвейерінен тікелей тұтынушыға жол тартты. Бірақ өнім сату мәселесі бастапқыда оңайлықпен шешіле қойған жоқ. Ірі сауда нүктелерімен

ЖЫЛДАР ЖЕМІСІ

технологиясын зерттей бастаған кезде, баласы Геннадий Геннадьевич күмәнін жасырмағанын әлі күнге дейін күле еске алады. Ақырында бұл да тиімді әдіс болып шықты: картопты қолмен шелекке жинап, одан кейін жүк көлігіне тиеудің еш қажеті жоқ. Бар шаруаны комбайн мен транспортер атқарады. Голландия технологиясы алғашқы жылы-ақ өз жемісін берді. Қазір серіктестік 10 мың тоннадан астам картоп өндіреді. Өнімділігі – гектарынан 300 центнерден.

түгіл, көшелер де жарқырап сала берді.

«Зенченко и К» серіктестігі өңірде алғашқылардың бірі болып осыдан 12 жыл бұрын желден жарық алу технологиясын да енгізген болатын. Ол үшін екі электр станциясы Германиядан жеткізілді.

Дағдарыс кезінде ұқсату кәсіпорындары өнім қабылдауды азайтып, кейбіреуі тіпті тоқтатты. Ал сүт – тез бүлінетін өнім болғандықтан, кәсіпорын тағы бір қиындыққа тап болды. Сол

келісім-шарт жасасуға, тіпті өз дүкендерін ашуға тура келді. Бүгінде Зенченконың өнімі Солтүстік Қазақстан облысында ғана емес, басқа өңірлерде де танымал. Себебі, мұнда өнім сапасына баса назар аударылады, табиғи сүт қана қолданылады.

Сол үшін ие болған марапаттары да аз емес. Алтын, күміс, қола медаль, Алғыс хат пен дипломдары жетерлік. Республикалық сүтті және аралас тұқымдар палатасы дайындайтын Қазақстанның



сүт саласы көшбасшыларының рейтингінде «Зенченко и К» бірнеше жыл қатарынан бірінші орыннан түспей келеді. ElDala.kz порталының дерегінше, серіктестік былтыр 48 мың тонна сүт өндірген. Атақты «Родина» агрофирмасы 31,7 мың тонна көрсеткішпен – екінші орында.

Мұның барлығы - заман ағымына сай жаңаша жұмыс істеудің нәтижесі.

Жалпы бүгінде «Зенченко и К» серіктестігі дәнді, майлы және бұршақты дақылдар өсірумен, өсімдік, мал, балық және тұқым шаруашылығымен, ет, сүт өңдеумен, ұн, нан, ірімшік, кондитер өнімдері және жем-шөп өндірісімен айналысады.



Т Ы Н Ы М С Ы З



Коммандиттік серіктестіктің 43 мың гектарға жуық жері, 12 мың бас қара малы бар. Оның 4 мыңы – сауын сиыры.

Бұл күндері 8 мың басқа арналған сүт фермасының құрылысы жүріп жатыр. 2025 жылы пайдалануға берілетін бұл ферма – Орталық Азиядағы ең үлкен кешен болмақ деп күтіліп отыр.




Серіктестік қатты ірімшік шығаруды қолға алмақшы. Бұл туралы жуырда вице-премьер Серік Жұманғариннің Солтүстік Қазақстан облысына сапары барысында белгілі болды. Мұнда тәулігіне 500-600 кг ірімшік өндірілмек.

Қазақстандықтар өз елімізде өндірілген ірімшік және сүзбемен тек 46 пайызға қамтылады екен. Сондықтан вице-премьер мемлекетке мұндай өндірістер қажет екенін және желіні іске қосуға қолдау көрсетілітінін атап өтті.

Серіктестік әлеуметтік жауапкершілікті еш ұмытқан емес.

ЖЫЛДАР ЖЕМІСІ



«Зенченко и К» командиттік серіктестігінің директоры Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының директоры Геннадий Зенченконың айтуынша, кәсіпорын жыл сайын ауылдың әлеуметтік қажеттілігіне 40 миллион теңгеден астам қаржы жұмсайды. Бұл ақша мектеп, балабақша, екі фельдшерлік-акушерлік қосын мен амбулаторияның қажеттіліктеріне жұмсалады. Кәсіпорын жеке балабақша салып, мектепті кеңейткенін, шіркеу тұрғызғанын да айта кету керек. Сондай-ақ жабық мұз айдыны мен хоккей корты, спорт кешені де пайдалануға берілді. Ауылда Мәдениет үйі, сауда кешені, мейрамхана бар. Жұмысшыларға орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған үй беріледі.

«Зенченко и К» командиттік серіктестігі облыс және ел экономикасының дамуына сүбелі үлес қосып отыр.

Роза ШӘКЕНОВА,
Солтүстік Қазақстан облысы

JAS QAZAQ ПЕН «ШЕВРОН» КОМПАНИЯСЫ БІРЛЕСІП ҰЙЫМДАСТЫРҒАН «БӘРИНЕ ОРТАҚ ЖУРНАЛИСТИКА» ЖОБАСЫ МӘРЕГЕ ЖЕТТІ. БИЫЛ ТӨРТІНШІ РЕТ ӨТКІЗІЛІП ОТЫРҒАН КУРСТЫҢ МАҚСАТЫ – ЖАЗУҒА БЕЙІМІ БАР, АҚПАРАТ САЛАСЫНДА ҚЫЗМЕТ ЕТКІСІ КЕЛЕТІН МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ. ЖУРНАЛИСТИКА ЖАНРЛАРЫМЕН ТАНЫСТЫРЫП, ҚАЛАМЫН ҰШТАУ. ОСЫ КУРСТЫҢ АРҚАСЫНДА ОЛАР АҚПАРАТ ПЕН МАҚАЛА ЖАЗУДЫ, СҰХБАТ АЛУ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕ ЖҰМЫС ІСТЕУ ТӘСІЛДЕРІН МЕҢГЕРДІ.

«БӘРИНЕ ОРТАҚ ЖУРНАЛИСТИКА» ЖОБАСЫ МӘРЕГЕ ЖЕТТІ



Соңғы екі жылдан бері курсқа қатысушылар КТК телеарнасында монтаж бен репортаж жасау бойынша дәріс алып, тәжірибесін шыңдау мүмкіндігіне ие болды. Микрофон ұстап, камера алдында сөйлеуге машықтанды. Сонымен қатар SMM, дизайн бойынша дәрістерге қатысты.

«Бәріне ортақ журналистика» жобасына қатысушыларға сертификат тапсыру рәсімінде сөз сөйлеген «Шеврон» Еуразия бөлімшесінің корпоративтік істер жөніндегі басшысы Еркін Зікібаев өзінің игі тілегін жеткізді.



Еркін ЗІКІБАЕВ,
«Шеврон» Еуразия бөлімшесінің корпоративтік істер жөніндегі басшысы:

«Журналистика біздің өмірімізде маңызды орын алады деп ойлаймын. Қазір өзіміз бір жерден бірдеңе көріп қалсақ, оны видеоға түсіреміз. Тіпті сол туралы пікірді әлеуметтік желіге жазамыз. Бұл да журналистиканың бір қыры. Сондықтан біздің өмірімізге бұл керек. Жобаны өткізген Срайыл Смайыл мырза мен барлық қатысқан жандарға алғыс білдіремін. Алдағы уақытта кәсіби журналист болып кетпесеңіздер де, өз өмірлеріңізге қажетті дүниелерді игергендеріңізге сенімдімін».

Курсқа қатысушы жандар да өз пікірін ортаға салды.



Жанар ӘУКЕНОВА,
курсқа қатысушы:

«Құрс маған қатты ұнады, өйткені жан-жақты материалдар жинап, интервью алу, мақала жазуды үйрендік. Бұл жоба әрмен қарай жалғасын тапса деймін. Өйткені біз сияқты адамдар көп жағдайда өздігінен ізденіп, үйрене алмайды. Бізге осындай ұсыныс түскеннен кейін жақсы мүмкіндік алдық»,— деді.

Биыл курсқа қатысқандар арасында белсенділігімен көзге түскен Ділмұрат

Нұрмашов та өз әсерімен бөлісті.

Ділмұрат НҰРМАШОВ,
курсқа қатысушы:

«Бұл курстан үйренгенім көп. Бізге ең алдымен камера алдында қалай сөйлеуді, сұхбат алуды үйретті. Мақала жазуға әр түрлі тақырыптар беріп, қызықты тапсырмалар орындатты. Одан бөлек, монтаж, дизайн, СММ бойынша дәріс алдық».



Сондай-ақ Тараз қаласынан курсқа онлайн қатысқан **Ақжол БЕКТҰҒАН** да ұйымдастырушыларға ілтипатын жеткізді.

Жобаға қатысушыларға ақпарат пен мақала, сауалнама мен сұхбат алу жөнінде дәріс оқылып, бағыт-бағдар берілгеннен кейін, олар қаламының қарымын байқап көрді. Олардың қаламынан шаққан жазбалар «Jas Qazaq» электронды газеті мен jasqazaq.kz сайтында жарық көрді.

Айнұр САҒЫМБАЙҚЫЗЫ,
«Шеврон»
компаниясының
БАҚ қызметі
жөніндегі кеңесшісі:



«Jas Qazaq» газетіне осы шараны ұйымдастырғанына және журналистиканы кеңінен таратқанына алғысымыз шексіз. Барлық қатысушыларға көп рахмет және үлкен белестерден көріне беріңіздер деп тілейміз», – деді.

Әрине, журналистика саласын қысқа мерзімде жан-жақты меңгеру мүмкін емес. Жоба мүмкіндігі шектеулі жандардың өз-өзіне деген сенімін бекітіп, жетістікке жетелеуді көздейді.

Биыл да Jas Qazaq пен «Шеврон» компаниясының «Бәріне ортақ журналистика» жобасы шығармашылық әлеуеті мол, бірақ соны көрсете алмай жүрген ерекше жандарға сенім сыйлағаны сөзсіз. Шын мәнінде, олардың мүмкіндігі шексіз!

Jas Qazaq

Суреттерді түсірген
Ғалия ҚАЛИЕВА,
Айдос СМАЙЫЛОВ



ЖӘДІГЕРЛЕР ӨТЕ КӨП

Мысал: Мұражайға қор болар жәдігерлер өте көп. Орыс тілінің ықпалымен орныққан стильдік қате, жасанды қолданыс. Қазақ тілінде көп (өте көп), аз (өте аз) сөздерімен байланысқан сөзге көптік қосымшасы жалғанбауы тиіс.

Дұрысы: жәдігер көп

ЗОР РАХМЕТ

Мысал: Келгеніңіз үшін зор рахмет! Орыс тіліндегі «огромное спасибо» тіркесін калька жолымен аудару арқылы орныққан, басы артық көздердің көп қолдану салдарынан туындаған стилдік қате.

Дұрысы: көп рахмет

СӨЗТҮЗЕР



ЖЕЛІНІ ЖАРДЫ

Мысал: Олар бір ғана видеомен желіні жарды.

Соңғы кезде кең тарап бара жатқан калька тіркес. Әсіресе, жастар арасында көп қолданылады. Орыс тілінен ойланбай аудару салудың (взорвал сеть) тағы бір көрінісі. «Жарды» деп тікелей аудармай, «желіні дүрліктірді», «әлеуметтік желіден кең тарап кетті» десе, ұтымдырақ болады.

ИТ ТЕРІМДІ БАСЫМА ҚАПТАДЫ

Мысал: Ит терімді басыма қаптап, айтпағанды айтып жатыр.

Тұрақты тіркесті бұзудан болған қате. «Ит терісі» – изафет тіркес, ол бірінші және екінші жаққа тәуелденбейді. Тері – ұрыс еститін адамдікі емес, иттікі. Қай жақта айтылса да, «ит терісі» болып қалады.

Дұрысы: Ит терісін басыма қаптап, айтпағанды айтып жатыр.

КӨЗГЕ ОТТАЙ БАСЫЛДЫ

Мысал: Дүкенде кей ақпараттың қате жазылғаны көзге оттай басылды. «Көзге оттай (шоқтай) басылды» тұрақты тіркесінің мағынасын ашық білмегендіктен, оны орынсыз қолданудан туған қате. Қазақ тілінде «көзге оттай басылды» деп адам өзіне ыстық бір нәрсені көргенде ғана айтады. Бұл жерде сөз, керісінше, ұнамсыз жағдай туралы болып отыр.

Дұрысы: Дүкенде кей ақпараттың қате жазылғаны көзге түсті.

Сөзтүзер.
Қате қолданыстар сөздігінен

Бас редактор

Срайыл СМАЙЫЛ

Гүлнар АХМЕТОВА
Директор

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ
продюсер-менеджер

Ғалия ҚАЛИЕВА
дизайнер/фотосуретші

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Әбубәкір СМАЙЫЛОВ
Астанадағы меншікті тілші

Мақпал НОҒАЙБАЕВА
редактор

МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС

Бас есепші **Расима ӘКІМБЕКОВА**

Редакцияның мекенжайы:
Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 114/85,
№214 кеңсе

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)